- бастапқы гиперхолестеринемия (отбасылық гетерозиготалы гиперхолестеринемияны қоспағанда, Фредриксон жіктеуі бойынша IIa типі) немесе аралас гиперхолестеринемия (Фредриксон жіктеуі бойынша IIb типі), диета және басқа дәрілік емес әдістер (мысалы, жаттығу, дене салмағының төмендеуі) жеткіліксіз болған кезде;
- отбасылық гомозиготалы гиперхолестеринемия, диета немесе басқа липидті төмендететін терапия (мысалы, ТТЛП-аферез) жеткілікті тиімді болмағанда;

- гипертриглицеридемия (Фредриксон жіктеуі бойынша IV тип).

Егер жақсару болмаса немесе Сіз нашарлауды сезсеңіз, дәрігерге қаралу керек.

2. Эквамер® препаратын қабылдағанға дейін не туралы білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Эквамер® препаратын қабылдамаңыз:

- егер Сізде амлодипинге немесе дигидропиридиннің басқа туындыларына, лизиноприлге немесе ангиотензин өзгертетін ферменттің (АӨФ) басқа тежегіштеріне, розувастатинге немесе препараттың кез келген басқа компоненттеріне аллергияңыз болса (қосымша парақтың 6-бөлімінде аталған);
- егер Сізде бұрын АӨФ тежегішімен емдеуге байланысты немесе байланысты емес қышу, есекжем, ысқырық дем, саусақтардың, тамақтың, ауыздың, қабақтың ісінуі (ангионевроздық ісіну) сияқты симптомдармен ауыр аллергиялық реакция болған болса;
- егер Сізде тұқым қуалайтын ангионевроздық ісіну болса немесе Сізде бұрын себебі белгісіз ангионевроздық ісіну байқалған болса (идиопатиялық ангионевроздық ісіну);
- егер Сізде жүректің жиі соғуы, артериялық қысымның күрт төмендеуі, айқын әлсіздік, суық тер (шок) сияқты симптомдармен қанайналымның жедел бұзылуы дамыса;
- егер Сізде жүректің ишемиялық ауруының айқын өршуі болса (тұрақсыз стенокардия);
- егер Сізде артериялық қысым тым төмен болса (90 мм с. б. төмен болса);
- егер Сізде жүрек жұмысының бұзылуымен қолқаның айқын тарылуы (стенозы), жүрек қақпақшасының зақымдануы (митральды стеноз), жүрек бұлшықетінің қалыңдауы (гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатия) болса;
- егер Сізде жедел миокард инфарктінен кейін жүректің айқын жеткіліксіздігі болса;
- егер Сізде қант диабеті және/немесе бүйрек функциясының бұзылуы болса және Сіз артериялық қысымды төмендету үшін құрамында алискирен бар препараттарды қабылдасаңыз;
- егер Сізде бүйрек функциясының бұзылуымен асқынған қант диабеті болса (диабеттік нефропатия) және Сіз ангиотензин II рецепторларының антагонистерін (АРА) қабылдасаңыз (мысалы, лозартан, кандесартан, валсартан);
- егер Сіз құрамында сакубитрил бар препараттарды қабылдасаңыз, бұл ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттырады («Басқа препараттар және Эквамер® препараты» бөлімін қараңыз);
- егер Сізде бауырдың жедел ауруы болса, оның ішінде қандағы бауыр ферменттерінің тұрақты жоғарылауы, сондай-ақ бауыр ферменттерінің кез келген жоғарылауы (қалыптың жоғарғы шегімен салыстырғанда 3 есе көп);
- егер Сізде бауыр функциясының ауыр бұзылыстары болса;
- егер Сізде бүйрек функциясының ауыр бұзылыстары болса;
- егер Сізде түсініксіз немесе қайталанатын ауырсыну болса немесе бұлшықеттерде ұзаққа созылатын жайсыздық болса (миопатия);
- егер Сіз циклоспорин қабылдасаңыз (препарат ағзаларды ауыстырып салғаннан кейін қолданылады);
- егер Сіз бұлшықет тарапынан тұрақты және қайталанатын асқынуларға бейім болсаңыз (миоуытты асқынулар);
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз немесе контрацепция әдістерін тұрақты қолданбасаңыз;
- егер Сіз 18 жасқа толмаған болсаңыз (препаратты қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмаған);
- егер Сізде кейбір қанттарға жақпаушылық болса (мысалы, лактоза).

Егер жоғарыда айтылғандардың бірі Сізге қатысты болса, препаратты қабылдауды бастамас бұрын оны емдеуші дәрігермен талқылаңыз.

Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары

Эквaмep® препаратын қабылдау алдында емдеуші дәрігермен кеңесіңіз:

- егер Сізде жүрек тарапынан проблемалары болса, мысалы:
 - қолқа стенозы немесе жүрек клапандарының зақымдануы (қолқа немесе митральды),
 - гипертрофиялық кардиомиопатия,
 - жақында болған миокард инфарктісі,
 - жүрек жеткіліксіздігі;
- егер Сізде дәнекер тіннің ауыр жүйелі аурулары болса (мысалы, жүйелі қызыл жегі, склеродермия);
- егер Сізде артериялық қысым төмен болса;
- егер Сізде артериялық қысымның шамадан тыс жоғарылауы байқалса (гипертониялық криз);
- егер Сіз жоғары артериялық қысымды емдеу үшін төменде көрсетілген препараттардың кез келгенін қабылдасаңыз:
 - АРА II – сартандар (мысалы, валсартан, телмисартан, ирбесартан), әсіресе Сізде қант диабеті аясында бүйрек функциясы бұзылған болса,
 - алискирен;
- егер Сізде бүйрек ауруы немесе бүйрек артерияларының стенозы болса;
- егер Сізде бауыр ауруы болса немесе бұрын болған болса;
- егер Сізге хирургиялық араласу (соның ішінде стоматологиялық араласу) немесе анестезия жасалатын болса;
- егер Сіз диализ шарасынан өтуді жоспарласаңыз;
- егер Сіз ТТЛП- аферез деп аталатын холестеринді шығаруға арналған емшарадан өтпек болсаңыз;
- егер Сізде қайталанатын немесе күтпеген бұлшықет ауыруы немесе бұлшықет әлсіздігі болса; Сізде немесе сіздің отбасы мүшелеріңізде бұлшықет ауыруы болған немесе Сізде бұрын холестерин деңгейін төмендететін басқа препараттарды қабылдау аясында бұлшықет аурулары байқалған болса. Егер Сіз, әсіресе дімкәстік немесе температураның жоғарылауы аясында күтпеген бұлшықет ауырсынуын немесе бұлшықет әлсіздігін сезінсеңіз, дереу емдеуші дәрігерге хабарлаңыз;
- егер Сіз алкогольді үнемі көп мөлшерде ішсеңіз;
- егер Сізде қалқанша безінің ауруы болса;
- егер Сізде қант диабеті болса;
- егер Сіз фибраттарды қабылдасаңыз (қандағы холестерин деңгейін төмендетуге арналған препараттар);
- егер Сіз адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ-инфекциясы) туындаған инфекцияны емдеу үшін препараттарды, мысалы ритонавир немесе лопинавир сияқты қабылдасаңыз, «Басқа препараттар және Эквaмep® препараты» бөлімін қараңыз;
- егер Сіз 65 жастан асқан болсаңыз;
- егер Сіз тұзы аз диетаны ұстанатын болсаңыз және құрамында калий бар тұз алмастырғыштарды немесе қоспаларды қабылдасаңыз немесе Сізде қандағы калий мөлшері жоғары болса (гиперкалиемия);
- егер Сізде диарея болса немесе құссаңыз;
- егер Сіз араның немесе сонаның шағуына аллергиялық реакцияны азайту үшін десенсибилизация курсынан өтіп жүрсеңіз;
- егер Сіз қара нәсілге жатсаңыз, өйткені бұл жағдайларда АӨФ тежегіштерінің тиімділігі төмендеуі мүмкін, ал ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғарылайды;
- егер Сіз азиялық болсаңыз (жапондық, қытайлық, филиппин, вьетнам, корей немесе

- үнділік болсаңыз). Емдеуші дәрігер Сізге сәйкес келетін розувастатиннің бастапқы дозасын таңдайды;
- егер Сіз ангионевроздық ісіну қаупін арттыратын төменде көрсетілген препараттың кез келгенін қабылдасаңыз:
 - сүтқоректілердің жасушаларында (mTOR) рапамициннің нысана тежегіштері (сиролимус, эверолимус, темсиролимус) ауыстырып салғаннан кейін ағзалардың қабылданбай ажырауының алдын алу үшін қолданылады,
 - плазминогеннің тіндік активаторы (тромбтарды ыдыратуға арналған препарат), әдетте, стационар жағдайында қолданылады,
 - қант диабетін емдеу үшін глиптиндер (линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) қолданылады,
 - рацекадотрил – диареяны емдеуге арналған препарат,
 - эстрамустин – қуық асты безі обырын емдеуге арналған препарат;
 - егер Сіз төменде «Басқа препараттар және Эквамер® препараты» бөлімінде көрсетілген басқа дәрілік заттарды қабылдасаңыз;
 - егер Сіз соңғы жеті күнде фузид қышқылы (бактериялық инфекцияны емдеу үшін) деп аталатын препаратты ішке немесе инъекция түрінде қабылдасаңыз немесе қабылдаған болсаңыз. Фузид қышқылы мен Эквамер® препаратын қабылдау бұлшықеттердің күрделі проблемаларына (рабдомиолиз) әкелуі мүмкін.

Дәрігер бүйрек функциясын, артериялық қысымды және қандағы электролиттердің (мысалы, калий) мөлшерін үнемі бақылауы мүмкін.

Кейбір пациенттерде амлодипинді қабылдау қызыл иектің ауырғыштығын, қанағыштығын және гиперплазиясын тудыруы мүмкін, сондықтан Эквамер® препаратымен емдеу кезінде ауыз қуысының гигиенасын мұқият сақтау және стоматологтың бақылауында болуы керек.

Егер Сізде Эквамер® препаратын қабылдағаннан кейін ұзақ уақытқа созылатын құрғақ жөтел пайда болса, емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Егер Сізде айқын тыныс алу жеткіліксіздігі болса, Эквамер® препаратын қабылдауды бастамас бұрын емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Кейбір пациенттерде статиндерді қабылдау бауыр ферменттері деңгейінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Сондықтан емдеуші дәрігер әдетте Эквамер® препаратын қабылдауды бастамас бұрын және емдеу процесінде бауыр функциясын бағалау үшін қан талдауын тағайындайды.

Егер Сізде қант диабеті болса немесе Сіз диабеттің даму қаупі бар топта болсаңыз, Сіз препаратты қабылдаған кезде емдеуші дәрігердің арнайы бақылауында боласыз. Егер Сізде қанда қант пен липидтер мөлшері жоғары болса, дене салмағы артық болса және артериялық қысым жоғарыласа, Сізде диабеттің даму қаупі бар.

Егер Сізді ауруханаға жатқызу немесе басқа ауруларды емдеу қажет болса, дәрігерге Эквамер® препаратын қабылдап жүргеніңізді айтыңыз.

Сондай-ақ, «Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөліміндегі ақпаратты қараңыз.

Балалар мен жасөспірімдер

Эквамер® препаратын балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерде қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмаған.

Басқа препараттар және Эквамер® препараты

Емдеуші дәрігерге егер Сіз басқа препараттарды қабылдап жүрсеңіз, жақында қабылдаған болсаңыз немесе қабылдауға кірісуіңіз мүмкін болса айтыңыз.

Эквамер® препаратын келесі препараттармен бір мезгілде қабылдаудан аулақ болыңыз

(бір мезгілде қабылдау дәрігердің қатаң бақылауымен ғана мүмкін болады):

- калий жинақтаушы диуретиктер (спиронолактон, амилорид, триамтерен, эплеренон) – организмде сұйықтықтың кідіруін емдеу үшін,
- калий препараттары және құрамында калий бар тұз алмастырғыштар,
- бактериялық инфекцияларды емдеуге арналған триметоприм және ко-тримоксазол (триметоприм/сульфаметоксазол біріктірілімі) сияқты организмдегі калийдің мөлшерін арттыруға қабілетті дәрілік заттар,
- литий препараттары (манияны немесе депрессияны емдеу үшін).

Эквaмер® препаратымен емдеуге басқа препараттарды қабылдау әсер етуі мүмкін. Емдеуші дәрігер препараттың дозасын өзгерте және/немесе басқа сақтандыру шараларын қабылдай алады. Егер Сіз келесі дәрілік препараттардың кез келгенін қабылдасаңыз, емдеуші дәрігерге міндетті түрде хабарлаңыз, өйткені оларды қабылдаған кезде ерекше сақ болу керек:

- артериялық қысымды төмендетуге және жүрек-қантамырлардың басқа ауруларын емдеуге арналған препараттар, соның ішінде:
 - АРА II немесе алискирен (сонымен қатар «Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» бөлімдеріндегі ақпаратты қараңыз);
 - несеп айдайтын препараттар немесе диуретиктер;
 - вазодилататорлар (нитроглицерин және басқа нитраттарды қоса) - қантамырларын кеңейтетін препараттар;
 - бета-блокаторлар (атенолол, пропранолол);
 - кальций өзекшелерінің блокаторлары (верапамил, дилтиазем);
 - прокаинамид, амиодарон және хинидин (жүрек ырғағы бұзылған кезде қолданылады);
- қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (ҚҚСП), оның ішінде ацетилсалицил қышқылы жоғары дозада (артрит, бұлшықет ауыруы, бас ауыруы, қабыну және қызбаны емдеу үшін қолданылады);
- психиканың бұзылыстарын емдеуге арналған препараттар: трициклді антидепрессанттар, серотонинді кері қармаудың селективті тежегіштері (эсциталопрам, пароксетин, флуоксетин, сертралин), нейролептиктер;
- эпилепсияны емдеуге арналған препараттар - барбитураттар (фенобарбитал);
- қант диабетін емдеуге арналған препараттар: инсулин және ішке қабылдауға арналған қантты төмендететін препараттар;
- симпатомиметиктер (эфедрин, адреналин, норадреналин) төмен артериялық қысымды, шокты, демікпені емдеу үшін қолданылады;
- иммунодепрессанттар (соның ішінде глюкокортикостероидтар, такролимус, циклоспорин, сондай-ақ «Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөліміндегі ақпаратты қараңыз) аутоиммундық бұзылуларды емдеу үшін, ағзаларды ауыстырып салғаннан кейін, онкологиялық ауруларды емдеу үшін (фторурацил, винкристин, доцетаксел, тасонермин) қолданылады;
- аллопуринол (подаграны емдеу үшін қолданылады);
- қанды сұйылтуға арналған препараттар (варфарин немесе клопидогрел), розувастатинмен қолданған кезде қанды сұйылтатын әсері күшеюі мүмкін;
- тромбтарды ыдыратуға арналған препараттар (әдетте стационар жағдайында тағайындалады);
- амифостин (басқа дәрілік препараттардан немесе обырды емдеу үшін қолданылатын сәулелік терапиядан туындаған жағымсыз реакциялардың алдын алуға немесе азайтуға арналған препарат);
- анестетиктер хирургия мен стоматологияда қолданылады. Егер Сіз жергілікті немесе жалпы анестезия жасалатын емшарадан өтуіңіз керек болса, емдеуші дәрігеріңізге

немесе стоматологқа Эквамер® препаратын қабылдап жүргеніңіз туралы ескертіңіз, себебі артериялық қысымның қысқа мерзімді төмендеу қаупі бар;

- альфа1-адреноблокаторлар (празозин, альфузозин, доксазозин, тамсулозин), қуық асты безі гипертрофиясын емдеу үшін қолданылады;
- кальций препараттары, амлодипин әсерінің төмендеуі мүмкін;
- бактериялық (рифампицин, эритромицин немесе кларитромицин) және зең (мысалы, итраконазол) инфекцияларын емдеуге арналған препараттар;
- құрамында Шілтер жапырақты шайқурай (*Hypericum perforatum*) бар өсімдік препараттары, депрессияны емдеу үшін қолданылады;
- алтын препараттары (мысалы, натрий ауротиомалаты (вена ішіне енгізу)), ревматоидты артритті емдеу үшін қолданылады;
- миорелаксанттар (баклофенді қоса) - шашыраңқы склероз кезінде пайда болатын бұлшықет қозғалысының шектелуін емдеу үшін;
- дантролен (вена ішіне енгізу), катерлі гипертермияны емдеу үшін қолданылады;
- холестерин деңгейін төмендетуге арналған препараттар: фибраттар (гемфиброзил, фенофибрат), симвастатин, тәулігіне 1 г артық дозада никотин қышқылы, эзетемиб және колестирамин;
- асқорыту бұзылыстарын емдеуге арналған препараттар (мысалы, антацидтер, асқазан сөлінің қышқылдылығын азайтуға арналған препараттар);
- фузид қышқылы (антибиотик) - егер Сіз бактериялық инфекцияны емдеу үшін фузид қышқылын ішке қабылдасаңыз, Эквамер® препаратын қабылдауды уақытша тоқтату керек. Емдеуші дәрігер Сізге препаратты қабылдауды қашан бастау керектігін айтады. Эквамер® препаратын фузид қышқылымен бірге қабылдау сирек жағдайларда рабдомиолизге әкелуі мүмкін, сондай-ақ «Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» бөліміндегі ақпаратты қараңыз;
- пероральді контрацептивтер (ұрықтануға қарсы таблеткалар) / орын басу гормондық терапия;
- регорафениб (ісікке қарсы препарат);
- вирустық инфекцияларды, соның ішінде АИТВ немесе С гепатитін емдеу үшін қолданылатын аталған препараттардың кез келгені жеке немесе біріктірілімде («Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» бөлімін қараңыз): ритонавир, лопинавир, атазанавир, омбитасвир, паритапревир, дасабувир, велпатасвир, гразопревир, элбасвир, глекапревир, пибрентасвир, симепревир;
- келесі препараттар ангиневроздық ісінудің даму қаупін арттыруы мүмкін:
 - құрамында сакубитрил бар препараттарды АӨФ тежегіштерімен, сондай-ақ АӨФ тежегіштерін тоқтатқаннан кейін 36 сағат бойы қабылдауға болмайды (сондай-ақ «Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөліміндегі ақпаратты қараңыз);
 - тромбтарды ыдыратуға арналған препарат (плазминогеннің тіндік активаторы), әдетте, стационар жағдайында қолданылады;
 - mTOR тежегіштері (сиролимус, эверолимус, темсиролимус);
 - қант диабетін емдеу үшін қолданылатын глиптиндер (линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) қолданылады;
 - рацекадотрил – диареяны емдеуге арналған препарат;
 - эстрамустин – қуық асты безі обырын емдеуге арналған препарат.

Сондай-ақ, «Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары» бөлімін қараңыз.

Эквамер® препараты тамақпен, сусындармен және алкогольмен

Эквамер® препаратын тамақтануға қарамастан қабылдауға болады, емдеу кезінде алкогольді тұтынудан аулақ болу керек.

Эквамер® препаратын қабылдаған кезде грейпфрут немесе грейпфрут шырынын тұтыну ұсынылмайды, өйткені қандағы әсер етуші зат – амлодипиннің концентрациясы

жоғарылауы мүмкін, бұл препараттың АҚ-ны төмендететін әсерінің кенеттен күшеюіне әкелуі мүмкін.

Жүктілік, бала емізу және фертильділік

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз, жүктімін деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз, Эквамер® препаратын қолданар алдында емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Эквамер® препаратын жүктілік кезінде және бала емізу кезінде қолдануға болмайды.

Эквамер® препаратын қолдану аясында жүктілік басталған жағдайда оны қабылдауды дереу тоқтатыңыз және бұл туралы дәрігерге хабарлаңыз. Әйелдер контрацепцияның сенімді әдістерін қолдана отырып, Эквамер® препаратын қолданған кезде жүктіліктен аулақ болу керек.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс

Препараттың көлік құралдары мен механизмдерді басқару қабілетіне әсері туралы деректер жоқ. АҚ-ның шамадан тыс төмендеу ықтималдығы, бас айнарудың, ұйқышылдықтың және ұқсас жағымсыз реакциялардың пайда болуына байланысты ерекше назар аударуды және жылдам реакцияларды қажет ететін ықтимал қауіпті әрекеттерді орындау кезінде абай болу керек (автомобильді және басқа көлік құралдарын басқару, қозғалмалы механизмдермен жұмыс, диспетчер мен оператордың жұмысы және т.б.).

Егер Сіз Эквамер® препаратының автомобильді басқару немесе механизмдермен жұмыс істеу қабілетіңізге теріс әсер ететінін байқасаңыз, көлік құралдарын жүргізбеңіз немесе механизмдермен жұмыс жасамаңыз.

Эквамер® препаратының құрамында лактоза, азорубин бояғышы, күн батар түстес сары бояғыш бар

Лактоза

Егер Сізде кейбір қанттарға жақпаушылық болса, осы дәрілік препаратты қабылдағанға дейін емдеуші дәрігерге қаралыңыз.

Азорубин бояғышы

Азорубин тағамдық бояғышы аллергиялық реакциялардың дамуын тудыруы мүмкін.

Күн батар түстес сары бояғыш

Эквамер® препаратының 5 мг + 10 мг + 10 мг және 10 мг + 20 мг + 20 мг дозада құрамында күн батар түстес сары тағамдық бояғыш бар.

Күн батар түстес сары тағамдық бояғыш аллергиялық реакциялардың дамуын тудыруы мүмкін.

3. Эквамер® препаратын қабылдау

Препаратты үнемі емдеуші дәрігердің ұсынымдарына толық сәйкес қабылдаңыз. Күмәнданған жағдайда емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Эквамер® препаратын қабылдаған кезде қандағы холестерин деңгейін төмендету үшін диетаны ұстануды және физикалық жаттығулар жасауды жалғастыру керек.

Ұсынылатын доза

Эквамер® препаратының ұсынылатын дозасы – тәулігіне 1 капсула. Ең жоғары тәуліктік доза - 1 капсула.

Егер препараттың дозасын түзету қажет болса (мысалы, бірінші рет диагноз қойылған қатар жүретін ауру, дәрілік өзара әрекеттесу және т.б.), емдеуші дәрігер Сізді жеке компоненттер: амлодипин, лизиноприл және розувастатинмен терапияға ауыстырады.

Пациенттердің ерекше топтары

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер

Эквaмер® препаратымен емдеу кезінде тұрақты медициналық тексерулер жүргізіледі: бүйрек функциясын, қандағы калий мен натрийдің мөлшерін бақылау. Бүйрек функциясы нашарлаған жағдайда дәрігер Эквaмер® препаратын қабылдауды тоқтатады және жеке таңдалған дозаларда препараттың жекелеген компоненттерімен терапияға ауыстырады.

Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерге Эквaмер® препаратын қолдануға болмайды («Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөлімін қараңыз).

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бауыр аурулары қандағы амлодипин концентрациясына әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайда емдеуші дәрігер Сізге тиісті талдауларды жиі тағайындайтын болады.

Эквaмер® препаратын бауырдың жедел аурулары бар пациенттерге және бауыр функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерге қолдануға болмайды («Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөлімін қараңыз).

Балалар мен жасөспірімдерде қолдану

Эквaмер® препаратын балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге қолдануға болмайды. Балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерде Эквaмер® препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған.

Енгізу жолы және (немесе) тәсілі

Эквaмер® препаратын тамақтану уақытына қарамастан ішке қабылдау керек.

Егер Сіз Эквaмер® препаратын қажет болғаннан артық қабылдаған болсаңыз

Егер Сіз Эквaмер® препаратының капсулаларын тым көп қабылдаған болсаңыз, дереу дәрігерге немесе жедел жәрдем бөлімшесіне барыңыз. Препараттың қаптамасын өзіңізбен бірге алыңыз.

Препараттың артық дозалануы артериялық қысымның айқын төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл мұқият бақылауды қажет етеді. Егер бас айналу және бас ауыруы сияқты симптомдар пайда болса, «шалқасынан жатқызу» керек. Одан кейінгі шараларды емдеуші дәрігер қабылдайды.

Егер Сіз Эквaмер® препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз

Егер Сіз Эквaмер® препаратының капсуласын қабылдауды ұмытып кетсеңіз, келесі қабылдауды күтіңіз және капсуланы әдеттегі уақытта қабылдаңыз. Препаратты қабылдауды өткізіп алғанның орнын толықтыру үшін қосарлы дозаны қабылдауға болмайды.

Егер Сіз Эквaмер® препаратын қабылдауды тоқтатсаңыз

Дәрігердің ұсынымынсыз препаратты қабылдауды тоқтатпаңыз.

Эквaмер® препаратын қабылдауды тоқтатқан жағдайда артериялық қысым мен холестерин деңгейі қайтадан көтерілуі мүмкін.

Препаратты қолдану туралы сұрақтар болса, емдеуші дәрігерге хабарласыңыз.

4. Ықтимал жағымсыз реакциялар

Барлық басқа дәрілік препараттар сияқты, бұл препарат жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін, бірақ олар барлық пациентте бола бермейді.

Егер Сізде төменде көрсетілген жағымсыз реакциялардың кез келгені пайда болса, **Эквимер®** препаратын қабылдауды тоқтату және дереу медициналық көмекке жүгіну керек:

- бөртпе, беттің, еріннің, тілдің және/немесе тамақтың ісінуі, тыныс алу мен жұтыну қиындықтарымен бірге жүруі мүмкін (ангионевроздық ісіну) – сирек туындауы мүмкін, бірақ 1000 адамның көп дегенде 1-де;
- ауыр тері реакциялары, мысалы, айқын тері бөртпесі, есекжем, бүкіл денеде терінің қызаруы, қатты қышу, күлдіреуіктердің пайда болуы, терінің қабыршақтануы және ісінуі, шырышты қабықтың қабынуы (Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз, эксфолиативті дерматит, тұрпайы сулы бөртпе) немесе басқа аллергиялық реакциялар – өте сирек пайда болуы мүмкін, 10000 адамның көп дегенде 1-де;
- мойынға, иыққа және қолға таралуы мүмкін кеудедегі кенеттен қатты ауырсыну, енгізу, суық тер (миокард инфарктісінің ықтимал симптомдары) – сирек пайда болуы мүмкін, 100 адамның көп дегенде 1-де.
- дененің бір жағындағы әлсіздік немесе ұю, сананың шатасуы, сөйлеудің бұзылуы, үйлесімнің жоғалуы (инсульттің ықтимал симптомдары) - сирек пайда болуы мүмкін, 100 адамның көп дегенде 1-де;
- іштің арқаға берілетін қатты ауыруы, құсу немесе жүрек айну (бұл ұйқы безінің қабынуының – панкреатиттің ықтимал симптомдары) - сирек пайда болуы мүмкін, 1000 адамның көп дегенде 1-де;
- терінің немесе көздің ағының сарғаюы, қара түсті несеп, ашық түсті нәжіс, шаршау, жоғары температура, жүрек айну, іштің ауыруы, әлсіздік. Бұл бауыр жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін бауыр қабынуының (гепатит) симптомдары болуы мүмкін - өте сирек пайда болуы мүмкін, 10000 адамның 1-нен көп емес;
- күтілгеннен ұзаққа созылатын бұлшықеттердегі ерекше жайсыздық немесе ауырсыну – бұл миопатияның (миозитті қоса), сіңір ауруының, бұлшықеттің жыртылуының белгісі болуы мүмкін. Басқа статиндерді қабылдаған кездегі сияқты, пациенттердің аз ғана бөлігі бұлшықеттердің тарапынан жағымсыз әсерлерді бастан кешірді, олар сирек рабдомиолиз деп аталатын өмірге қауіп төндіретін бұлшықет зақымдануына айналды – сирек пайда болуы мүмкін, 1000 адамның көп дегенде 1-де.

Амлодипин, лизиноприл және розувастатинмен емдеу кезінде хабарланған басқа жағымсыз реакциялар

Өте жиі (10 адамның 1-інен көбінде туындауы мүмкін):

- ісінулер.

Жиі (10 адамның көп дегенде 1-де туындауы мүмкін):

- қант диабеті (егер Сізде қандағы қант пен липидтердің мөлшері көп болса, артық салмақ және жоғары артериялық қысым болса);
- бас ауыруы;
- бас айналу;
- ұйқышылық (әсіресе емдеудің басында);

- көру қабілетінің бұзылуы, көзге қос көріну (диплопия);
- жүректің соғуы сезімі;
- бет терісіне «қан тебу»;
- дене қалпын «тұрған» немесе «отырған» (ортостаздық гипотензия) өзгерткен кезде артериялық қысымның айқын төмендеуі;
- жөтел;
- ентігу;
- іштің ауыруы;
- жүрек айну;
- құсу;
- асқорытудың бұзылуы (диспепсия);
- диарея;
- ішектің босау ырғағының өзгеруі (диарея және іш қату);
- іш қату;
- тобық пен аяқтың ісінуі;
- бұлшықеттердің құрысуы;
- бұлшықеттің ауыруы (миалгия);
- бүйрек функциясының бұзылуы;
- қатты шаршағыштық;
- әлсіздік сезімі (астения).

Жиі емес (100 адамның көп дегенде 1-де туындауы мүмкін):

- көңіл-күйдің өзгеруі;
- ұйқының бұзылуы (ұйқысыздық пен «қорқынышты» түс көруді қоса);
- ұйқысыздық;
- мазасыздық;
- депрессия;
- елестеулер;
- дененің әртүрлі бөліктеріндегі діріл (тремор);
- дәмнің бұрмалануы (дисгевзия);
- естен тану;
- ауырсыну сезімталдығының төмендеуі (гипестезия);
- ұю немесе шаншу сезімі (парестезия);
- айналу сезімі (вертиго);
- құлақ шулау;
- жүрек ырғағының бұзылуы (брадикардияны, қарыншалық тахикардияны және жүрекшелердің фибрилляциясын қоса);
- жүректің жиі соғуы (тахикардия);
- артериялық қысымның шамадан тыс төмендеуі;
- терінің түсінің өзгеруі және/немесе саусақтардың немесе башпайлардың ұюы немесе шаншуы (Рейно синдромы);
- мұрын бітелуі (ринит);
- ауыздың құрғауы;
- шаштың түсуі (алопеция);
- терідегі қызыл дақтар (пурпура);
- тері түсінің ағаруы (терінің депигментациясы);
- қатты терлеу (гипергидроз);
- терінің қышуы;
- тері бөртпесі;
- есекжем;

- буындардың ауыруы (артралгия);
- арқаның ауыруы;
- несеп шығарудың бұзылысы;
- түнде несеп шығарудың жиілеуі (никтурия);
- несеп шығарудың жиілеуі;
- ер адамдарда сүт бездерінің үлкеюі (гинекомастия);
- импотенция;
- кеуденің ауыруы, ауырсыну;
- дімкәстік;
- дене салмағының жоғарылауы, дене салмағының төмендеуі;
- қандағы мочеви́на мен креатинин концентрациясының жоғарылауы;
- қандағы калийдің жоғары мөлшері (гиперкалиемия);
- бауыр ферменттері белсенділігінің жоғарылауы.

Сирек (1000 адамның көп дегенде 1-де дамуы мүмкін):

- қандағы тромбоциттер санының азаюы (тромбоцитопения);
- қандағы натрийдің төмен мөлшері, шаршау, әлсіздік, бұлшықеттің ауыруы және құрысулары, сұйықтықтың кідіруі, есін жоғалту (антидиурездік гормонның талапқа сай емес секрециясы синдромы);
- психикалық бұзылыстар;
- сананың шатасуы;
- иіс сезу қабілетінің бұзылуы (паросмия);
- псориаз;
- бөртпе, буындардың зақымдануы және қан көрсеткіштерінің өзгеруі (жегі тәрізді синдром);
- бүйректің жедел жеткіліксіздігі;
- қандағы мочеви́на, аммиак, креатининнің (уремия) артық мөлшері;
- гемоглобин мен гематокриттің төмендеуі;
- өт пигментінің (билирубин) концентрациясының жоғарылауы;
- қандағы натрийдің төмен мөлшері (гипонатриемия).

Өте сирек (10000 адамның көп дегенде 1-де ғана дамуы мүмкін):

- қандағы лейкоциттер санының азаюы (лейкопения, нейтропения, агранулоцитоз);
- лимфа түйіндерінің ұлғаюы (лимфаденопатия);
- эритроциттер санының азаюы (анемия, гемолиздік анемия);
- сүйек кемігінде қан түзілудің бәсеңдеуі;
- иммундық жүйенің өз тіндеріне қарсы антиденелер өндіруі (аутоиммундық бұзылулар);
- қандағы глюкозаның жоғары деңгейі (гипергликемия);
- қандағы глюкоза деңгейінің төмендеуі (гипогликемия);
- бұлшықет ширығуының жоғарылауы (бұлшықет гипертонусы);
- бұлшықет әлсіздігін, шаншуды немесе ұюды тудыруы мүмкін қолдар мен аяқтардағы жүйкелерінің зақымдануы (шеткері нейропатия);
- жүйкелердің көптеген зақымдануы (полинейропатия);
- есте сақтаудың жоғалуы немесе төмендеуі;
- қиын, ысқырықты тыныс алу (бронх түйілуі);
- өкпенің қабынуы (аллергиялық альвеолит / эозинофильді пневмония);
- мұрын маңы қойнауларының қабынуы (синусит);
- қантамырлардың қабынуы (васкулит);
- асқазанның қабынуы (гастрит);

- қызыл иектің ісінуі немесе ауығыштығы (қызыл иектің гиперплазиясы);
- ішектің ісінуі іштің ауырсынуын тудырады, ол тамақтанғаннан кейін күшеюі мүмкін, ішектің түйілуі, жүрек айнуы және құсу (ішектің ангионевроздық ісінуі);
- терідегі нысанаға ұқсас қабыну ошақтары (мультиформалы эритема),
- күн сәулесіне аллергия, оның ішінде жасанды (солярий) (фотосезімталдық);
- несеп көлемінің азаюы/несеп шығарудың болмауы (олигурия/анурия);
- несепте қан іздерінің болуы (гематурия).

Белгісіз (қолда бар деректерге сүйене отырып пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес):

- бұлшықет қозғалысының шектелуі, тремор, жүрістің бұзылуы (экстрапирамидалық бұзылулар);
- қан талдауында креатинфосфокиназа (КФК) белсенділігінің уақытша жоғарылауы;
- несепте ақуыздың болуы (протеинурия).

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар туындаса, дәрігермен кеңесіңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақта аталмаған реакцияларға қатысты. Сіз сондай-ақ жағымсыз реакциялар туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің хабарламалар жүйесі арқылы тікелей хабарлай аласыз. Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау арқылы сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

Ресей Федерациясы: «Федералдық денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі қызмет»

109012 Мәскеу қ-сы, Славянская алаңы, 4 үй, 1 құр.

+7 (800) 550-99-03, +7 (499) 578-02-20

pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<https://roszdravnadzor.gov.ru>

Беларусь Республикасы: Республикалық унитарлық кәсіпорын «Денсаулық сақтау саласындағы сараптамалар және сынақтар орталығы»

220037 Минск қ-сы, Товарищеский тұйық көшесі, 2а

Фармакологиялық қадағалау бөлімі

+375-17-242-00-29

rcpl@rceth.by

<https://rceth.by>

Қазақстан Республикасы: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

010000 Астана қ-сы, А. Иманов к-сі, 13 (4 -қабат)

Фармакологиялық қадағалау және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын мониторингілеу департаменті

+7 (7172) 78-98-28

pdlc@dari.kz

<https://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы: «Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жанындағы Дәрілік заттар және медициналық бұйымдар департаменті»

720044 Бішкек қ-сы, 3-линия көшесі, 25

+ 996-312-21-92-88

vigilance@pharm.kg

5. Эквамер® препаратын сақтау

Препаратты бала оны көре алмайтындай баланың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Препаратты блистерде және картон қорапшасында («Дейін жарамды:») көрсетілген жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткеннен кейін қолданбаңыз.

Жарамдылық мерзімі бітетін күн айдың соңғы күні болып табылады.

Ылғалдан қорғау үшін түпнұсқалық қаптамасында (блистер қорапшада) 25 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препаратты кәрізге тастамаңыз. Енді қажет емес препаратты қалай утилизациялау керектігін дәріхана қызметкерінен анықтаңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер

Эквамер® препаратының құрамында

Әсер етуші заттар - амлодипин, лизиноприл және розувастатин.

Эквамер® капсулалар 5 мг + 10 мг + 10 мг

Әрбір капсуланың құрамында 6,94 мг амлодипин безилаты (5 мг амлодипинге баламалы), 10,88 мг лизиноприл дигидраты (10 мг лизиноприлге баламалы), 10,4 мг розувастатин кальций (10 мг розувастатинге баламалы) бар.

Басқа ингредиенттер (қосымша заттар):

микrokристалды целлюлоза, 102 тип;

микrokристалды целлюлоза, 101 тип;

лактоза моногидраты;

натрий карбоксиметилкрахмалы;

магний гидроксиді;

магний стеараты;

Опадрай II сары (85F32410 коды) (құрамында: поливинил спирті, титанның қостотығы (E 171), макрогол-3350, тальк, темірдің сары тотығы бояғышы (E 172) бар).

Қатты желатинді капсула (құрамында: патенттелген көк бояғышы (E 131), азорубин бояғышы (E 122), күн батарея түстес сары бояғышы (E 110), титанның қостотығы (E 171), желатин бар).

Эквамер® капсулалар 5 мг + 10 мг + 20 мг

Әрбір капсуланың құрамында 6,94 мг амлодипин безилаты (5 мг амлодипинге тең), 10,88 мг лизиноприл дигидраты (10 мг лизиноприлге тең) және 20,8 мг розувастатин кальций (20 мг розувастатинге тең) бар.

Басқа ингредиенттер (қосымша заттар):

микrokристалды целлюлоза, 102 тип;

микrokристалды целлюлоза, 101 тип;

лактоза моногидраты;

натрий карбоксиметилкрахмалы;

магний гидроксиді;

магний стеараты;

Опадрай II сары (85F32410 коды) (құрамында: поливинил спирті, титанның қостотығы (E 171), макрогол-3350, тальк, темірдің сары тотығы бояғышы (E 172) бар).

Қатты желатинді капсула (құрамында: азорубин бояғышы (E 122), титанның қостотығы (E 171), желатин бар).

Эквамер® капсулалар 10 мг + 20 мг + 10 мг

Әрбір капсуланың құрамында 13,88 мг амлодипин безилаты (10 мг амлодипинге тең),

21,76 мг лизиноприл дигидраты (20 мг лизиноприлге тең) және 10,4 мг розувастатин кальций (10 мг розувастатинге тең) бар.

Басқа ингредиенттер (қосымша заттар):

микрокристалды целлюлоза, 12 тип;

микрокристалды целлюлоза, 101 тип;

лактоза моногидраты;

натрий карбоксиметилкрахмалы;

магний гидроксиді;

магний стеараты;

Опадрай II сары (85F32410 коды) (құрамында: поливинил спиртi, титанның қостотығы (E 171), макрогол-3350, тальк, темірдің сары тотығы бояғышы (E 172) бар).

Қатты желатинді капсула (құрамында: азорубин бояғышы (E 122), индигокармин (E 132), титанның қостотығы (E 171), желатин бар).

Эквaмep® капсулaлар 10 мг + 20 мг + 20 мг

Әрбір капсуланың құрамында 13,88 мг амлодипин безилаты (10 мг амлодипинге тең), 21,76 мг лизиноприл дигидраты (20 мг лизиноприлге тең) және 20,8 мг розувастатин кальций (20 мг розувастатинге тең) бар.

Басқа ингредиенттер (қосымша заттар):

микрокристалды целлюлоза, 12 тип;

микрокристалды целлюлоза, 101 тип;

лактоза моногидраты;

натрий карбоксиметилкрахмалы;

магний гидроксиді;

магний стеараты;

Опадрай II сары (85F32410 коды) (құрамында: поливинил спиртi, титанның қостотығы (E 171), макрогол-3350, тальк, темірдің сары тотығы бояғышы (E 172) бар).

Қатты желатинді капсула (құрамында: патенттелген көк бояғышы (E 131), азорубин бояғышы (E 122), күн батар түстес сары бояғышы (E 110), титанның қостотығы (E 171), желатин бар).

Эквaмep® препаратының сыртқы түрі және оның қаптамасының ішіндегісі

Эквaмep® капсулaлар 5 мг + 10 мг + 10 мг

Қатты желатинді ашық қызғылт түсті капсулалар, өлшемі № 1. Капсулалардың ішіндегісі - 1 дөңгелек, екі беті дөңес ақ түсті таблетка (құрамында лизиноприл және амлодипин бар) және 1 дөңгелек, екі беті дөңес таблетка, үлбірлі қабықпен қапталған, сары түсті (құрамында розувастатин бар).

Эквaмep® капсулaлар 5 мг + 10 мг + 20 мг

Қатты желатинді қызғылт түсті капсулалар, өлшемі № 1. Капсулалардың ішіндегісі - 1 дөңгелек, екі беті дөңес ақ түсті таблетка (құрамында лизиноприл және амлодипин бар) және 2 дөңгелек, екі беті дөңес таблетка, үлбірлі қабықпен қапталған, сары түсті (құрамында розувастатин бар).

Эквaмep® капсулaлар 10 мг + 20 мг + 10 мг

Қатты желатинді күлгін түсті капсулалар, өлшемі № 1. Капсулалардың ішіндегісі - 2 дөңгелек, екі беті дөңес ақ түсті таблетка (құрамында лизиноприл және амлодипин бар) және 1 дөңгелек, екі беті дөңес таблетка, үлбірлі қабықпен қапталған, сары түсті (құрамында розувастатин бар).

Эквaмep® капсулaлар 10 мг + 20 мг + 20 мг

Қатты желатинді қою күлгін түсті капсулалар, өлшемі № 0. Капсулалардың ішіндегісі - 2 дөңгелек, екі беті дөңес ақ түсті таблетка (құрамында лизиноприл және амлодипин бар) және 2 дөңгелек, екі беті дөңес таблетка, үлбірлі қабықпен қапталған, сары түсті (құрамында розувастатин бар).

5 капсуладан ПА/Ал/ПВХ және алюминий фольгадан жасалған блистерде. 6 блистерден қосымша парақпен бірге картон қорапшаға салады.
7 капсуладан ПА/Ал/ПВХ және алюминий фольгадан жасалған блистерде. 4 блистерден қосымша парақпен бірге картон қорапшаға салады.
10 капсуладан ПА/Ал/ПВХ және алюминий фольгадан жасалған блистерде. 3 блистерден қосымша парақпен бірге картон қорапшаға салады.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы және өндіруші

«Гедеон Рихтер» ААҚ

Gedeon Richter Plc.

1103 Gyomroi st. 19-21, Budapest, Hungary

Телефон: +36-1-431-4000

Электронды пошта: drugsafety@richter.hu

«ГЕДЕОН РИХТЕР – РУС» АҚ-та препаратты өлшеп ораған және/немесе қаптаған жағдайда:

Өлшеп оралған:

«ГЕДЕОН РИХТЕР – РУС» АҚ

Ресей, Мәскеу облысы, Егорьевск қалалық округі, Шувое кенті, Лесная к-сі, 40-үй немесе

Ресей, Мәскеу облысы, Егорьевск қалалық округі, Шувое кенті, Лесная к-сі, 43/5 кұр. немесе

Қапталған:

«ГЕДЕОН РИХТЕР – РУС» АҚ

Ресей, Мәскеу облысы, Егорьевск қалалық округі, Шувое кенті, Лесная к-сі, 40-үй немесе

Ресей, Мәскеу облысы, Егорьевск қалалық округі, Шувое кенті, Лесная к-сі, 43/5 кұр.

Шығарылу сапасын бақылаушы

Ресей, Мәскеу облысы, Егорьевск қалалық округі, Шувое кенті, Лесная к-сі, 40-үй

Препарат туралы кез келген ақпарат үшін, сондай-ақ наразылықтар туындаған жағдайда тіркеу куәлігінің ұстаушының өкіліне жүгіну қажет:

Ресей Федерациясы

«Гедеон Рихтер» ААҚ Мәскеудегі өкілдігі

119049 Мәскеу қ-сы, 4-ші Добрынинский тұйық көш., 8 үй

Телефон: +7 (495) 363-39-50

Электронды пошта: drugsafety@g-richter.ru

Беларусь Республикасы

«Гедеон Рихтер» ААҚ-тың Беларусь Республикасындағы өкілдігі

220004 Минск қ-сы, Победителей даңғ., 5-үй, 505- кеңсе

Телефон, факс: +375-17-272-64-87

Телефон, факс: +375-17-215-25-21

Электронды пошта: drugsafety.by@gedeonrichter.eu

Қазақстан Республикасы

«Гедеон Рихтер» ААҚ-тың ҚР-дағы өкілдігі

050008 Алматы қ-сы, Төле би к-сі, 187

Телефон: +7-(7272)-58-26-23 (сапа бойынша шағымдар)

+7-(7272)-58-26-22 (фармакологиялық қадағалау), +7-701-787-47-01 (фармакологиялық қадағалау)

Электронды пошта: info@richter.kz; pv@richtergedeon.kz

Қырғыз Республикасы

«Геден Рихтер» ААҚ Қырғыз Республикасындағы өкілдігі

720005 Бішкек қ-сы, Игембердиев к-сі, 1 «А»,

«Аврора» бизнес орталығы, 703 кеңсе

Телефон: +996-312-98-81-16

Электронды пошта: drugsafety.ky@gedeonrichter.eu

Қосымша парақ қайта қаралды

Дәрілік препарат туралы ұсынылған деректер тексеріледі және жаңа мәліметтермен толықтырылады және қажеттілігіне қарай қосымша парақ жаңартылады.

Басқа ақпарат көздері

Препарат туралы толық мәліметтер Одақтың веб-сайтында бар <https://ees.eaeunion.org>.

ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН
БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО
ПЕЧАТЬЮ

(на 24 листах)

НАРАК / ЛИС ТОВ

КУНІ / ДАТА

24

